e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

16 мамыр 2018 ж. сәрсенбі № 55 (18703)

ЦИФРЛАНДЫРУ

Тың технология Тобыл өңірінен басталады

Жандос ЖҮСІПБЕК

Қостанайда "Ақылды сүт фермасы" апталығы басталды. Оны облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жариялады. Шараға Австрия елінен сарапшы мамандар арнайы шақырылып отыр.

Әлемдік деңгейдегі мамандардың Тобыл өңіріне келгендегі мақсаттары – "Садчиков" ЖШС-ін "Smaxtec" "Ақылды сүт фермасы" бағдарламалық-аппараттық жүйесіне қосу жобасына қатысу. Сондай-ақ, олар аталмыш сүт-тауарлы ферманың қызметкерлеріне жаңа құрылғыны қолдану жолдарын үйретпекші. Австрия елінен келген өз істерінің білгірлері – Франц Цехнер мен Эльвидин Диздаревич бұл жобаның озық елдер тұтынысындағы тәжірибе екенін айтады.

2-бет

ДЕРЕК

Қостанай облысындағы тұрғын үй құрылысы

2018 жылғы қаңтар-сәуірде облыс аумағында жалпы алаңы 92273 шаршы метр (735 пәтер) тұрғын үйлер тұрғызылды, бұл 2017 жылғы қаңтар-сәуірге 115,5% құрды.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру Жанкелдин (38,5%-ға), Меңдіқара (34,3%-ға), Таран (28,4%-ға) аудандарында және Арқалық қаласында (26,9%-ға) едәуір өсті.

Салынған тұрғын үйлер көлемінің ең үлкен көлемі Қостанай қаласында (61636 шаршы метр немесе пайдалануға берілген тұрғын үйлер жалпы көлемінен 66,8%) пайдалануға берілді.

2018 жылғы қаңтар-сәуірде тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің орташа нақты шығындары 82,7 мың теңгені құрады. Тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің ең жоғары орташа нақты шығындары Жанкелдин ауданында (107,3 мың теңге) және Лисаков қаласында (93,5 мың теңге) қалыптасты.

Баспасөз – 2018

"Қостанай таңы" – сенің газетің!

оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
6 айға – 3200 теңге.
– жеке оқырмандарға:
6 айға – 2400 теңге.
– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613
– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684
– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Орталық алаң көлік қозғалысына ашылды

Жандос ЖҮСІПБЕК

Қала әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, Тәуелсіздік көшесіндегі жөндеу жұмыстарына байланысты 14 мамырдан бастап орталық алаңда жеңіл көліктерге жүруге уақытша рұқсат етілді.

Көлік қозғалысы Әл-Фараби көшесі бойында, Баймағамбетов және Алтынсарин көшелер аралығында ашылды. Болжам бойынша бұл жол бір ай шамасында ашық болады және тек жеңіл көліктер ғана жүреді. Қоғамдық көліктер қозғалысы өзгермейді. Келтірілген қолайсыздықтар үшін Қостанай қаласының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тұрғындардан кешірім сұрайды.

Қостанайлықтар Тәуелсіздік көшесіндегі жөндеу жұмыстарына байланысты көлік кептелісіне шағым білдірген еді. Сонымен қатар, облыс әкімі биыл әкімдік алдындағы тастарды ауыстыру керектігін айтқан, соған байланысты қала басшылығы осындай қадамға барып отыр. Күзге дейін орталық алаң тұтастай жаңартылмақ.

БАҚ ДЕГЕН – БАҒДАРШАМ

"Үркер" байқауы басталды

Баспасөз, радио және интернет журналистика саласына арналған "Үркер-2018" ұлттық сыйлығына өтініштер қабылдау басталды. Байқаудың жеңімпаздары 28 маусымда "Қазмедиа" орталығында анықталады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Нұргүл Мауберлинова мәлім етті, деп хабарлайды Baq.kz тілшісі.

"Өткен жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі "Тұмар" және "Үркер" ұлттық сыйлықтарын тағайындады. Биыл наурыз айында өткен "Тұмар" ұлттық сыйлығы қазақ телевизиясының 60 жылдығына арналған еді. Ал осы жылғы "Үркер" сыйлығын біз "Қазақ" газетінің 105 жылдығына арнап отырмыз. Бұл газеттің отандық журналистикадағы алатын орны ерекше. "Үркер" байқауына өтініштерді қабылдау 10-мамырдан 10-маусымға дейін жүргізіледі. Байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі журналистика күні, яғни 28 маусымда "Қазмедиа" орталығында өтеді", – деді вице-министр.

Оның айтуынша, биыл "Үркер" байқауының қазылар алқасы 13 адамнан тұрады. Оның құрамына қоғам қайраткерлері, сарапшылар, журналистер, медиа-менеджерлер кіреді. "Байқау 12 номинациядан тұрады. Сонымен қатар, 13-номинация да болады. Ол тәжірибе жүзінде енгізілген номинация болып саналады", – деді Нұргүл Мауберлинова.

Вице-министрдің айтуынша, әр номинация жеңімпазына 1 млн теңгеден беріледі. Жалпы "Үркер" байқауының жүлде қоры – 13 млн теңге.

Айта кетейік, осы жылы "Үркер" байқауы келесі номинациядан тұрады: 1) үздік фотосурет; 2) үздік репортаж; 3) үздік сараптамалық материал; 4) үздік журналистік зерттеу; 5) үздік сұхбат; 6) Қазақстан туралы үздік танымдық материал; 7) үздік халықаралық талдамалы материал; 8) үздік өңірлік радиостанса; 9) үздік өңірлік мерзімді басылым; 10) үздік Қазақстандық радиостанция; 11) үздік интернет-басылым; 12) үздік республикалық мерзімді басылым. Ұлттық "Үркер" байқауына қатысу үшін el.kz сайтына өтініш жібересіз.

САНДЫҚ ТВ

"OTAU+" топтамасы

"Қазтелерадио" АҚ ұлттық операторы спутниктік теледидар желісінде шетелдік телеарналарды сапалы түрде қоса отырып "OTAU +" жаңа топтамасын іске қосты.

Енді 66 тегін отандық теле және радио арналардан басқа, көрермендер 14 шетелдік түрлі жанрдағы телеарналарға қол жеткізе алады. Топтаманың құны айына 500 теңгені құрайды.

"OTAU TV+" топтамасы келесі қосымша арналарды қосады. Олар: "РТР Планета", "Рен ТВ интер", "Домашний", "СТС", "Мама", "Мульт", "Cartoon Network", "Amedia-2", "Дом кино", "Cinema", "Bollywood", "Здоровое ТВ", "Россия 24" және "Музыка первого".

Естеріңізге сала кетсек, "OTAU TV" спутниктік телевизиясының "Тегін" топтамасында 66 отандық теле- және радио арналар (абоненттік ақысыз) SD және HD форматтарында көрсетіледі.

Ақылы топтамаға қолжетімділік алу үшін қосымша жабдықтарды орнатудың қажеті жоқ.

"Қазтелерадио" АҚ спутниктік хабар тарату желісі Қазақстан аумағын 100% қамтиды, онда кез келген елді мекеннің кез келген тұрғыны тікелей спутниктік қабылдау қызметтерін ала алады. "ТВ-коммерция" ЖШС-мен жасалған келісім-шарт аясында "Казтелерадио" АҚ инфрақұрылымын пайдаланып шетел телеарналарын көтеру арқылы, базалық топтамадағы 66 арнаны тегін және 76 арнаның "Премиум" топтамасында ақылы түрде көрермендерге тамашалауға ұсынуға мүмкіндік жасады.

Ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің Баспасөз қызметі.

Тың технология Тобыл өңірінен басталады

1-бет

"Бұл – Қостанай облысы ғана емес, тұтас Қазақстан үшін алғашқы жоба екенін білеміз. Сондықтан біз шақырту алысымен Қостанай және Ақмола облыстарындағы сүт фермаларының өкілдерімен тәжірибе алмасуға келісімізді бердік. Ауыл шаруашылығы дамыған әлем елдері қолданысқа енгізген заманауи құрылғы жұмыстың өнімділігін, өнімнің сапасын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді", – дейді австриялық магистр Ф.Цехнер.

Сарапшының түсіндіруінше, бұл технологияның артықшылығы мынада: "болюс" атты арнайы құрылғы сиырлардың ауыз қуысы арқылы қарнына жіберіліп, сол арқылы жануардың жалпы жағдайын, негізгі физиологиялық параметрлерін толықтай бақылап отыруға болады. Әр бес минут сайын температура қадағалауда ұсталады. Бұл жануардың ауру-сырқауының алдын алуға таптырмас тәсіл. Сондай-ақ, қозғалыс белсенділігі туралы ақпарат беріліп отырады. Ол арқылы сиырдың ұрықтандыруға әзірлігін анықтауға болады әрі сүттілігі үшін қандай көлемде құнарлы азық беруі керектігін есептеуге ыңғайлы. Әлем бойынша әзірге теңдесі жоқ осынау "болюс" құрылғысы, шамамен, сиырдың ішкі құрылысында бес жылға дейін сақталады екен.

Сонымен, өңірді сүт өнімдерімен қамсыздандырып отырған фермалардың бірегейі – "Садчиков" серіктестігі ел бойынша бұл тың технологияны ең алғашқы болып қолданысқа енгізгелі отыр. Ферма қызметкерлерінің бұған дейін Австрияда оқып келгенін айта кеткен жөн. Яғни, жаңа жоба бойынша жұмыс істеуге әзір. Ал еуропалық сарапшылармен ымыраласқан "АгриКАС" ЖШС директоры И.Сулименконың айтуынша, бұл әзірге қанатқақты жоба түрінде қолданыста болады.

"Біз бүгіннен бастап 32 бас сиырға сынақ жүргіземіз. Біздің компания Австриялық "Smaxtec" компаниясымен бірігіп, мұны ақысыз іске асырады. Жүйе 3 ай бойы тестілеуден өтеді, – дейді ол. – Осы уақыт ішінде мұның экономикалық тиімділігі қадағаланады. Содан кейін ғана кәсіпорын соны технологиямен жұмыс істеудің қажетті-қажетсіздігі туралы шешім қабылдамақ. Егер бәрі ойдағыша болса, болюс фермадағы барлық 740 сиырға қолданылатын болады".

Апталық аясында "Ақылды сүт фермасы – әлемдік тәжірибе" атты дөңгелек үстел өтіп, тың жоба туралы ақпарат қостанайлық фермерлерге бүге-шігесіне дейін түсіндірілді.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жұмыс жемісті, жоспар ауқымды

Жандос ЖҮСІПБЕК

Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов БАҚ өкілдерімен өткен брифингте өңірдің мәдени тыныс-тіршілігінен мәлімет берді.

Былтыр мәдениет саласында Тобыл-Торғайдың тарихына таңбаланатын айтулы шаралардың өткені баршаға мәлім. Кейкі батырдың бассүйегінің елге әкеліп, туған жер қойнауына табысталуы, Ы.Алтынсарин кесенесінің күрделі жөндеуден өтуі, тұңғыш рет Сағын Жалмышев атындағы республикалық күйшілер сайысының ұйымдастырылуы және осы іспетті оқиғалар тізбегі көп болды. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында да көптеген шаруа атқарылған. Үстіміздегі жылдың жоспарына алынған мәдени-көпшілік, рухани шаралар жетерлік.

– 11-21 мамыр аралығына жоспарланған іс-шаралар легі басталып кетті. Мәдени мекемелерде ашық есік күндері өтеді. Тұрғындарға дәстүрлі "Музей түні" тарту етіледі. Қазіргі таңда дирижерлер форумы өтіп жатыр. Елге белгілі оркестр тізгіншілері жергілікті ұжымдармен жұмыс істеп, тәжірибе алмасу барысында. Форум соңы 18 мамырдағы гала-концертпен түйінделмек, – деп ақпарат берді Е.Қалмақов. – Сондай-ақ, 21-22 мамырда Астана қаласында, 24 мамырда Қостанайда облыс басшылығының қатысуымен ауқымды форум болады. Ал 6 маусымда М.Әуезов атындағы мемлекеттік драма театры Аманкелді, Арқалық қаласына келеді. Бұл ұжым Әнуар Боранбаевтің 70 жылдығына орай ұлы әртістің жерлестерін "Қожанасыр тірі екен...", "Қыз Жібек" сынды қойылымдармен қуантпақ. 18-20 маусым аралығында облыс орталығында Астана қаласының мәдениет күндері өтеді.

Басқарма басшысы "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында, Жанкелдин ауданының Ақкөл ауылындағы Ахмет Байтұрсынұлы туған үй, Сарыкөл ауданындағы Барақ батыр кесенесі, Ұзынкөлдегі Святой Николь шіркеуі жөнделетінін мәлімдеді. Республикалық зерттеу институттарымен бірлесе отырып, Торғай геоглифтарын, Қамысты археологиялық ескерткіштерін зерттеу осы жылы қолға алынғалы отыр. "Цифрландыру саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылған жұмыстар да жемісті. Мәдени мекемелердің сандық жүйеге ауысуы жөнінен біздің аймақ алдыңғы қатардан көрінді", – деп толықтыра өтті Е.Болатұлы.

Сондай-ақ, "Мен қазақпын!" телевизиялық мегажобасының аймақтық іріктеу кезеңінің басталғаны туралы ақпарат та осы брифингте айтылды. Онымен "Қостанай" облыстық телеарнасының аға редакторы Дәуренбек Әбдібек таныстырды. Оның сөзінше, биыл барлық облыс пен көршілес елдерден 2 күйші, 2 термеші және 2 әнші қатысады.

АЙМАҚ

Ғимарат мәселесі шешілмек

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Жеке ғимараты жоқ Арқалық аймақтық мемлекеттік архивінің филиалы 1988 жылдан бері 9 мәрте көшуге мәжбүр болған. Бұл қордағы құжаттардың дұрыс сақталуына кері әсерін тигізуде.

Мұрағат ұжымы 2014 жылдың қазан айынан бері "Қоснар" ЖШС-нің меншігіндегі, жалпы алаңы 712 шаршы метрлік, бұрынғы Халық банкінің ғимаратын жалға алып отыр. Ол жерде 1 ш.м. үшін 1000 теңгеден есептегенде, айына 712 000, жылына 8 544000 теңге жалақысын төлеп келеді.

– Мемлекеттік архивтің 611 қорында 132 032 бірлік құжат бар. Оның 4 420 аса маңызды құжаттар. Сонымен бірге тұрақты сақталатын құжаттар, жеке құрамы бойынша құжаттар, ғылыми-техникалық құжаттар, жеке тектілік, фото, фоноқұжаттар және бейнеқұжаттар сақтаулы.

Бұлардың барлығы 398. ш. м. болатын архив қоймасының сыйымдылығы 99 % алып отыр. Ол дегеніміз мемлекеттік архив құжаттарын сақтау үшін жуық арада орын мәселесін шешу қажет деген сөз.

Уақыт өтеді, бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Ал, ол тарихты толық құрамда сақталған құжаттармен ғана дәлелдей алатынымыз ақиқат, – деді "Арқалық өңірлік мемлекеттік архиві" ММ филиалының басшысы Сағидолла Байгенжин қала әкімінің кезекті аппарат жиынында.

Жиынға төрағалық жасаған қала басшысы Амантай Балғарин бұл өзекті мәселені жеделдетіп шешу жолдарын қарастыру қажеттігін алға тартты.

– Қазіргідей нарық заманында архивке жеке ғимараттың салынуын күту бос әурешілік. Сондықтан оның өзге де жолдарын қарастыру қажет.

Қалада бос тұрған ғимараттар баршылық. Мәселен, жуырда ғана босаған Арқалық медицина колледжінің бұрынғы нысаны осы қажеттілікті өтеуге сұранып тұр, – деді Амантай Кәкімбекұлы.

Арқалық аймақтық архивінің толықтыру көздері болып табылатын 119 мекеме болса, оның 56-сы Арқалық қаласында, 33-і – Жанкелдин ауданында, 30-ы – Аманкелді ауданында орналасқан.

Айтпақшы, архив ұжымы қызметтік көлікпен де қамтамасыз етілмеген екен.

Арқалық қаласы.

"Мамандық таңдау – маңызды қадам"

" 89-қадам. "НҰРЛЫ БОЛАШАҚ" ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЕНГІЗУ".

100 нақты қадам

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде аудандық білім беру бөлімінің мұрындық болуымен осындай атаумен мектеп оқушыларының алғашқы аудандық форумы өтті.

Форумға аудан әкімі Ш.Оспанов, мектеп директорлары, ардагер ұстаздар, аудан мектептерінің биылғы бітіретін түлектері, жоғарғы оқу орындарынан және арнайы кәсіптік білім беретін

колледждердің оқытушылары, көршілес Аманкелді ауданының ұстаздары қатысты.

Аудан басшысы Шота Сәбитбекұлы ұстаздар мен оқушыларды алғашқы форумның ашылу салтанатымен құттықтап, тілегін арнады. Болашақ мамандық иелерінің әрбір басқан қадамына сәттілік тіледі. Алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл алып, биік жетістіктерге жетулеріне тілектестігін білдірді.

Аудандық білім беру бөлімінің басшысы Наурызбай Балтабайұлы заманауи білім сапасын арттыру жолындағы жоспарлы жұмыстарын баяндады. Елбасының "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауындағы білім саласын жетілдіру жөніндегі басымдыққа ерекше тоқталды. Заман талабына сай аудан мектептерінде жаңа технологияларды пайдалану үрдісі қолданысқа енгізіліп, бүгінгі күні мектеп оқушылары жетік меңгеріп жатқандығын тілге тиек етті. Сонымен қатар, білім беру бөлімінің алғыс хаттарымен кеш қонақтарын және ұстаздар мен оқушыларды марапаттады.

Ардагер ұстаз Асылтас Жәкішқызы, ата-аналар атынан сөз алған Бейбіт Әбдірахманұлы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләззат Зейнекина, жеке кәсіпкер Талғат Әмірхамзин, Арқалық қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Амангелді Ахметжанов мамандықты қалай таңдау жөніндегі ойларын ортаға салды. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің деканы Айбек Қалиев мамандық таңдаған уақытта бір жапырақ диплом үшін емес, алдағы өмірінің жарқын белестері үшін дұрыс маман иесі болу керектігін алға тартты. Аудан мектептерінде тапшы мамандықтар Арқалық қаласындағы жоғары оқу орнында оқылатындығын айтып, биылғы мектеп бітіруші түлектерді оқуға шақырды. Форум жұмысы аяқталғаннан кейін Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ұстаздары мен оқушылары мерекелік концерттерін тарту етті. Сондай-ақ, өнер мектебінің намысын қорғап, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанған оқушыларға "Алғыс хат" табысталды. Білім ордасының қара шаңырағына айналған Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде жоғары оқу орындарынан келген мамандар "Шеберлік сынып" сағатын өткізіп, оқушыларға дәріс берді.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

ЭКОЛОГИЯ

"Бізбен әлем таза"

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Әр бала жақсылыққа кішкентайынан бой үйретеді. Бұл орайда ұстаздардың еңбегі ерен. Мектепте көргені мен білгенін бойына дарытып, айналасына да шуағын шашуға тырысады. Қазір көктем мезгілі болғандықтан табиғат ана да тіріліп, айнала құлпырып келеді. Осы мезгілде білім ошақтары "Бізбен әлем таза" атты экологиялық акция өткізіуді бастап кеткен.

Бүгін мектеп іші ығы-жығы. Неге десеңіздер, аталмыш акцияға оқушылар белсене қатысуда. Алдымен олар түрлі тақырыпта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізсе, енді біреулер күнделікті қоқысқа лақтыра салатын түрлі қалдықтардан әп-әдемі дүниелер жасап әкеліпті. Осылай көрмеге қойылғанда көздің жауын алар, қызықты заттар жинақталды.

– Бүгінгі шараның маңызы баланы қоршаған ортаны таза ұстауға баулу. Табиғаттың, бізді қоршаған ортаның қасиетін түсініп, оны қастерлеу. Балаға қызықты тақырып айтып, оны жетелесең өздері-ақ іліп әкетеді. Өздеріңіз көргендей бүгін олар қолдан келгенше түрлі заттар жасап әкеліпті. Бұған өздері де мәз-мейрам, – дейді қаламыздағы №24 мектеп-гимназиясының мұғалімі Әсия Ғалымова.

Расымен де мектепте түрлі шаралар өтіп жатады. Бірақ бүгінгі акцияның тағы бір қыры әр бала жоқтан барды жасауға үйрене түсетін сияқты. Қазіргі кезде қоқыстарды жаратып, өз кәсібін дөңгелентіп отырған азаматтар жетерлік. Мүмкін, балғындар да келешекте түрлі кәсіби саланы бағындыра жатар.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жаныма ыстық Ұлы Отан

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ә.Боранбаев атындағы кинотеатрда осындай атаумен әскерге аттанушыларды шығарып салуға арналған салтанатты іс-шара өткізілді.

"Жастар ресурстық орталығының" ұйымдастыруымен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, отан сүйгіштікке баулу мақсатында өткізілген салтанатты рәсімде қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мәнсия Айтмағанбетова Отан алдында азаматтық борыштарын өтегелі тұрған ұландарға ақжол тілеп, естелік сыйлықтар табыс етті.

Қалалық қорғаныс бөлімінің басшысы Аян Бозаев, ата-аналар атынан Гүлжамал Қыдырбаевалар жылы лебіздерін білдірді. Әскерге аттанушы Бейбарыс Саржақов Отан алдындағы қызметін абыройлы атқаруға күш салатындығын айтты. Интернационалист жауынгер, ауған соғысының ардагері Марат Бәлдіков жастарға ақыл-кеңесін айтып, қаланың құрметті ақсақалы Кәки Ақан азаматтарға батасын берді.

Қала өнерпаздары патриоттық әндер шырқап, жастардың рухын көтерді.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Іс-шарадан көрініс.

Суретті түсірген автор.

Талантты Тасқын

Жақында Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің түлегі талантты әнші, аудандық мәдениет үйінің қызметкері, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Тасқын Әжібай Қызылорда қаласының 200 жылдық тарихи тойы мен Астана қаласының 20 жылдығына арналған аймақтық ән байқауына қатысып, жүлделі 3 орынды иеленіп қайтты. Тасқын Оңғарұлының жеткен жетістігі, бағындырған биігі көп. Бала кезінен әнші болуды армандаған ол мектеп қабырғасында жүріп, аудандық байқауларда бағын сынады. Жүлделі орындарды жеңіп, өзінің жас талант иесі екендігін дәлелдеді. Өнер мектебінің ұстаздары Тасқынның өнерін одан әрі шыңдауға тынымсыз жұмыс жасады. Бірнеше рет халықаралық "Алтын микрафон", "Бозторғай" ән байқауларында бақ сынап, ауданымыздың абыройын көтерді. Ұстаздарының сенімін ақтады. Қазіргі таңда Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде режиссер. Шағын драмалық спектакльдерді дайындап, көрермендердің алғысына бөленіп жүр.



Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

БӘРЕКЕЛДІ!

Академия ансамблі – бас жүлде иесі!

Әлібек ЫБЫРАЙ

Таяуда Ақтөбе қаласында жас орындаушылар мен халық аспаптары ансамбльдерінің республикалық "Ұлы дала мұрасы" атты фестиваль болып өтті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен екі жүзге тарта үміткер қатысып, өзара мықтыларды анықтады. Астана қаласының 20 жылдық тойы қарсаңында өткен өнер бәйгесінде Қостанайдағы Шырақбек Қабылбаев атындағы зан академиясының халық аспаптар ансамблі бас бәйгені жеңіп алды.

– Байқаудың бас бәйгесін алу біз үшін үлкен жетістік. Олай дейтін себебім, фестивальге Батыс Қазақстан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе тәрізді ұлттық өнерді кеңінен дәріптеп келе жатқан өңірлердің кілең мықты әнші-күйшілері қатысты. Мұның сыртында төрт-бес оркестр, он ұлт-аспаптар ансамблі бақ сынады. Міне, осындай кілең үздіктер арасынан оза шауып, бәйгенің көмбесінен келуіміз үлкен еңбектің нәтижесі деп білемін, – дейді ансамбль жетекшісі, белгілі композитор Қалибек Деріпсалдин.

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ

Қайда, неге кетеді?!

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

Тоқырау әріден басталған

Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы мен жаңа ғасырдың қайта құру кезеңінде ТМД көлемінде демографиялық жағдай қиындап кеткен еді. 1988-2003 жылдардың тапшылығы салдарынан шет елдерге қоныс аударғандар саны көбейді, бала туу жасанды жолмен шектелді, өлім-жітім артты. Ғаламтордағы ашық ақпараттарға жүгінер болсақ, демографиялық тоқырау әріден басталған көрінеді. 1925-2000 жылдар аралығында ТМД көлеміндегі бала туу коэффициенті 6,8-ден 1,21-ге кемігі. Яғни, осы кездері Кеңес үкіметін мекендеген әр әйелге 1,21 баладан бұйырған екен.

Заманымыз түзеліп, жағдайымыз жақсарғалы балаға да, басқаға да мән беріле бастады. Үкіметтік қолдау мен қаржылық, медициналық демеудің нәтижесінде бала туу көрсеткіші 1,75-ке көтерілді. Оңды істердің нәтижесінде еліміздегі халықтың табиғи өсімі он жылдан бері 42,5 % жоғарылады. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтеріне жүгінер болсақ, былтырғы жылдың өзінде ғана 397,6 мың сәби дүниеге келген. Бала сүю бақыты бұйырғандардың орташа жасы – 28,2. Осыдан он жыл бұрын дәл осы көрсеткіштің 27,7 шамасында болғанын айта кеткен жөн. Осы бағыттағы жұмыстарды әлі де жандандырар болсақ, ерте кездегі көрсеткішке әйтеуір бір ораларымыз хақ. Әл-әзір, барымызды бағалап, қолымыздағыны құнттау керек сыңайлы.

Адам жетпейді

2000-шы жылдары дүниеге келген азаматтарымыз бен азаматшаларымыз қазір 18-де. Нағыз Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, үлкен өмірге қадам жасар кемел шағы. Қазіргі міндет – осы жастарымыздың бағытын айқындап, оқытып жетілдіру, елімізді өркендету ісіне араластыру. Осы бағытта аз ғана азаматтарымызға дұрыс жөн сілтеп жатырмыз ба?! Мәселе осында!

Бір ғасырдың ішінде халық өсімі айтарлықтай төмендеген іргелес Ресей Федерациясының демографиялық бағдарламаға ерекше мән беріп отырғаны белгілі. Жұмыр жерді жайлаған қаржы дағдарысы мен Еуропа елдерінің қос бүйірден қысқан қаржылық бұғауларына қарамастан көршіміз адам капиталын жақсартуды барлық бағдарламаларының басына қойған. Мәселен, бұл елде балалы болған жастарға "отбасылық капитал" қарастырылған. Екінші сәби дүниеге келгенде 2 500 000 теңге көлеміндегі жәрдемақы беріледі. Қордағы қаржыны баспана алуға жұмсауға болады. Көптеген жас отбасылар ақшаны ипотека рәсімдеуге жұмсайды. Себебі, үшінші сәби дүниеге келгенде ипотекалық төлемнің жартысы үкіметтің есебінен жабылады. Ал, төртінші бала сізді ипотекалық бұғаудан мүлдем босаттыратын көрінеді. Ал, ауылдық аймақтарда "селолық баспана" арнайы ипотекалық бағдарламасымен пайызсыз несие беріледі. Бағдарламаның алғышартының бірі – оған баласы бар жас отбасылар ғана қатыса алады екен.

Ішкі демографиялық жағдайды жақсартуға күш салған көршіміз жұмыр жер бетінде тарыдай шашылған қандастарын да назардан тыс қалдырған емес. Арнайы "Отандастар" бағдарламасын қабылдап, Ресейге көшкісі келетіндерге барынша көмек көрсетуде. Сондай-ақ, іргелес мемлекеттердің жастарын да өздеріне тартып әлек.

Тегін білім тегін берілмейді!

Көрші мемлекет қазақстандық жастарды өздеріне тартуды көздеп отыр. Атап айтар болсақ, Ресей Федерациясы біздің жастарымызға негіздеп 10 000 білім грантын бөлді. 23-ші сәуірден бері Алматы, Астана, Ақтау, Жезқазған, Қызылорда, Тараз және Шымкент қалаларында ресейлік ЖОО қабылдау емтихандары жүргізілуде. "Бұл үкіметаралық келісім негізінде қолға алынып отырған шара. Қазақстандық жастар Ресейдің мықты деген 30 оқу ордасында білім алатын болады", – деген еді "Қазинформ" ақпарат агенттігіне берген сұхбатында "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ өкілі Алтай Нұрманов.

Жастарымыздың ТМД көлеміндегі жетекші білім ордаларында білімдерін тереңдетері әрине, қуантарлық-ақ жаңалық. Өссін, өнсін, білімдерін тереңдетсін, оған еш қарсылығымыз жоқ. Тек, сол жастарымыздың өз Отанында емес, өзге елдерде тәрбиеленетіні (басым бөлігінің болашақта сол елдің сойылын соғатыны) көңілді күпті етеді... Мәселен, Қостанайдағы Горький атындағы Физика-математикалық бағыттағы мемлекеттік тілді емес лицейлердің түлектерінің дені ҰБТ-ға мән бермейді. Неге десеңіз, мұндағы оқушылардың басым бөлігі өз бақтарын көрші елдің жоғарғы оқу ордаларында сынап көрмек. Естуімізше, көрші елге бейімделіп жүрген кейбір жастарымыз Қазақстан тарихы, Қазақ тілі пәндеріне де мұрын шүйіре қарайтын көрінеді. Мұның есесіне, (болашақта қажет болуы ықтимал) Ресей, Дүниежүзі тарихы, Орыс және шет елдер әдебиетін барынша меңгеруге тырысады. Қажет десеңіз, қатты ынталыларды Ресейдің жоғары оқу ордаларына даярлайтын арнайы орталықтар да бар. Ғаламтордан іздей қалсаңыз, бір ғана Қостанайдан орыс оқуларына даярлайтын орталықтардың оннан астамы тізіліп шыға келеді. Тегін білім іздеп кеткен жастарымыздың болашақта Қазақстанға қайта оралып, еліміздің көсегесін көгертеріне өз басым сене алмаймын. Қанша бұлтарсақ та, ортасын өзгертіп, өзге елдің идеологиясын бойына сіңіріп өскен азаматтың сол елдің сойылын соғары шындық.

Қазақстандық жастарға венгрлер де "құда" түсуде. Будапештте (Мажарстан) жоғары оқу орындарының ректорларының қатысуымен өткен Мажарстан-Қазақстан форумында аталған мемлекеттің біздің жастарымызға тегін грант қарастырып жатқаны белгілі болды. Форум жұмысына Қазақстан және Мажарстанның 60-тан астам университеттерінің өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Мажарстанның адам ресурстарын қорғау министрлігінің және Мажарстандағы Қазақстан Республикасының Елшілігінің өкілдері қатысты. Форумның басты мақсаты – екі ел арасындағы, сондай-ақ екі елдің университеттері арасындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту және нығайту. Форумның қорытындысы бойынша екі елдің университеттері арасында 15-тен астам келісім-шарт жасалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ректорлары кеңесі мен Мажарстан ректорлары конференциясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Жиын барысында қазақстандық жастарға 200 білім гранты тағайындалды. Тізе берсеңіз, тегін білімімен жастарымызды өздеріне тартып жатқан мемлекеттер жетерлік.

"Ақылдылар ағынын" қайтсек тоқтатамыз?

XXI ғасыр – ақылды машиналар мен жоғары технология заманы. Оны ғылым мен білімді, инженерияны жетік игергендер ғана қалыптастырып басқара алады. Осыны дер кезінде түсінген АҚШ, Германия, Жапония іспетті дамыған мемлекеттер адам капиталына, ғылым мен білімге ерекше назар аударды. Өз елінің жастарының жоғары білім алып, сол елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне сүбелі үлесін қосуын қамтамасыз етті. Жастарын тегін біліммен ынталандырып қана қоймай, ғылыми жетістіктерге жеткендерін барынша қолдап, әлеуметтік, қаржылай қолдау көрсетті.

АҚШ пен Германия елдері ғылым жолындағы талантты жастарды өз елдерінде ғана емес, жұмыр жер бетінен іздеді. Өз елдеріне ақылды адамдарды көптеп тарту үшін барын салды. Мәселен, АҚШ, Германия, Корея, Израиль елдері былтырғы жылдың өзінде ғана жылдық жалпы ішкі өнімнің 7,5% ғылыми-техникалық саланы дамыту, адам капиталын ақылдылармен толықтыру мақсатына жұмсаған. Ұлыбритания, Канада, Финляндия елдері ЖІӨ 6,5% салыпты.

Еліміздегі "Ақылдылар ағынын" тоқтату үшін біздің елімізге де осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет. Озық технологияны дамыту, адам капиталын жақсарту бағытына жұмсалар қаржы көлемін тым құрығанда, Ресей Федерациясының деңгейіне жеткізу керек. Сонда ғана көрші елдердің тегін білімін ешбір жас керек қылмас еді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Цифрландыру – сот төрелігінің ашықтығы мен қол жетімділігі

Заманауи сот жүйесі – ол мемлекеттің басты негізін құрайтын, мемлекетіміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңару, нығайуы жолындағы демократиялық дамудың қозғалтқыштарының, құралдарының бірі. Азаматтардың қазақстандық заманауи құқықтық саясатқа деген қарым-қатынасы, көзқарасы осы жүйенің жағдайына байланысты. Барлық сот отырыстарында аудио-бейнежазба құралдарын қолдану – Елбасының "100 нақты қадам" Ұлт Жоспарында жеке қадам болып бекітілген.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта соттар цифрлық форматтағы аудио-бейнежазба құралдарымен жабдықталған. Сот отырысының барысын аудио-бейнежазбаға түсіру қағидалары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әзірленген және сот отырысының барысын түсіріп алуды қамтамасыз ететін аудио-бейнежазба құралдарын техникалық қолдану, аудио-бейнежазбаны сақтау және жою, аудио-бейнежазбаға қол жеткізу тәртібін айқындайды. Сот отырыстарын аудио-бейнежазбаға түсіру сот талқылауы барысын дәл тіркеу үшін сот ісін жүргізу мақсатында, сондай-ақ азаматтық, қылмыстық сот ісін жүргізуде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде немесе тәртіптік іс бойынша іс жүргізу шеңберінде нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады. Егер сот отырысына қатысушылардан даулы сұрақтар туып қалатын болса, олар электрондық жазбаға жүгіне алады, соған сәйкес өзінің уәжінің дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне нақты жауап ала алады. Сот отырысы барысында аудио-бейнежазба құралдарын пайдаланғанда сот отырысының қысқаша хаттамасы жасалады, ол аудио-бейнежазба бар материалдық (электрондық) жеткізгішпен қоса, іс материалдарына қоса тіркеледі.

Сот отырысының барысын түсіріп алуды қамтамасыз ететін аудио-бейнежазба құралдарын пайдалануды сот отырысының хатшысы іске асырады.

Азаматтық немесе қылмыстық іске қатысушы адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамдарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің басқа қатысушыларын, олардың өкілдерін сот отырысының аудио-бейнежазбасымен таныстыру олардың өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

Іс жабық сот отырысында қаралған жағдайда, іске қатысушы адамдарға және олардың өкілдеріне сот отырысының аудио-бейнежазбасы берілмейді, оларға сот отырысының аудио-бейнежазбасымен таныстыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі сотта жүргізіледі.

Іс ашық сот отырысында қаралған жағдайда, іске қатысушы адамдардың жазбаша өтінішхаты бойынша сот оларға сот отырысының аудио-бейнежазба көшірмесін ұсынады. Материалдық (электрондық) жеткізгіште немесе ақпараттық сервис арқылы сот отырысының аудио-бейнежазба көшірмесін беру туралы арызда төмендегі міндеттемелер алынады:

1) ұсынылатын сот отырысының аудио-бейнежазба көшірмесін іске қатысатын басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, тек өз құқықтарын қорғау үшін ғана қолдануға;

2) ұсынылатын сот отырысының аудио-бейнежазба көшірмесін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде интернет желісінде таратпауға;

3) ұсынылатын сот отырысының аудио-бейнежазба көшірмесін үшінші тұлғаларға бермеуге.

Сонымен бірге, іске қатысушы адамдар азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғаны, сонымен қатар, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін заңда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі. Сот отырыстарында аудио-бейнежазба техникалық құралдарын пайдалануды енгізу, ол заңның үстемділігіне негізделген сот төрелігінің қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес келетінінің дәлелі. Аудио-бейнежазба техникалық құралдарын қолдану сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетеді және сот өндірісін оңтайландырады.

Сот өндірісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу "100 нақты қадам" Ұлт Жоспары аясында жүзеге асырылатын сот жүйесін жаңғыртудың маңызды бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" Қазақстан халқына Жолдауында қойылған мақсаттардың ойдағыдай орындалып жатқанын дәлелдейді.

Нұргүл ҒАБДРАХОВА,
Жанкелдин аудандық сотының бас маманы.

Пробацияның көмегі қандай?

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 33-тармағындағы "Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру. Осындай азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттарын және әлеуметтік оңалтудың кешенді стратегиясын жасау" міндеттерін жүзеге асыру мақсатында қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқан маңызды шаралардың бірі – пробация қызметін жетілдіру болып табылады. Бүгінде пробация қызметінің мақсаты – еліміздегі қылмыстық саясатты одан әрі ізгілендіру, оны әлемдік стандартқа жақындату.

Жуырда Жітіқара ауданында "Нұр-Отан" партиясының аудандық филиалында өткен семинарда пробация қызметі аясында әлеуметтік-құқықтық көмек беру және бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды оңалтудың кешенді стратегиясының негізгі бағыттары зерделеніп, талқыланды.

Жітіқара ауданының "Нұр-Отан" партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Оразалинов, аудандық әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы А.Мекебаева, "Атамекен" Қостанай облысы кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалының кеңесшісі Ю.Клёвина, Жітіқара ауданы жастар ресурстық орталығының басшысы Л.Бексейітова және Жітіқара ауданы пробация қызметінің қызметкерлері қатысқан шараға пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандар да шақырылды.

Кәсіпкерлер палатасы Жітіқара филиалының кеңесшісі Ю.Клёвина, жастар ресурстық орталығының басшысы Л.Бексейітова өздерінің жұмыстары туралы айтып өтті. Сондай-ақ, мамандар сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ету мәселесімен қатар шағын несиенің қандай мақсаттарға берілетіні жайында ақпарат берді.

Семинарға қатысқан тұлғаларды әсіресе, әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімі басшысы А.Мекебаеваның берген ақпараты қызықтырды. Маман жұмыссыз қалған жанды еңбекпен қамсыздандыру бағдарламасы бойынша жергілікті атқару органдары қандай көмек көрсететінін және бүгінгі күні бірнеше жазасын өтеушіні оқу орталығына оқуға жіберуге мүмкіндік бар екенін және аталған мамандықтар бойынша қандай құжаттардың қажет екенін түсіндірді.

Пробация қызметінде тұрған тұлғалар кездесу кезінде жұмыспен қамту және жұмысшыларды мамандықтарға оқыту төңірегінде сұрақтар қойды.

Жітіқара аудандық пробация қызметінің бастығы А.Молдыбаеваның айтуынша, аталған кездесулердің маңызы өте зор. Себебі, сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсетуде жергілікті атқару органдарының рөлі зор. Аталған шара аяқталған соң екі жазасын өтеуші бі-лім алғысы келетінін айтып, оқуға қабылдануға өтініш жазды.

Семинардың соңында "Нұр-Отан" партиясының Жітіқара аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Оразалинов осындай шараның тәжірибелік маңызына тоқталды.

– Мұндай басқосулар пробация қызметінде тұратын сотталғандардың өздеріне керекті мәліметті алуына пайдасы мол. Сондай-ақ, мемлекеттік органдармен және мекеме арасындағы өзара қатынасты нығайтуға септігін тигізеді. Аталған семинар-кеңестер алдағы уақытта жалғасатын болады, – дейді аудандық пробация қызметінің инспекторы С.Есполов.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

Көгалдандыру жұмыстарына атсалысты

Қостанай облысы бойынша ҚАЖД Әулиекөл аудандық пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру процесіне ерікті ретінде тарту бойынша жұмыстар кең көлемде жүргізілуде.

Бұл мақсатта аудандық пробация қызметі мен аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурсы орталығы" арасында бағдарлама түзілген болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты - пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың алдағы уақытта қылмыстық әрекетке баруының алдын алу, сотталғандарды қайта әлеуметтендіру және жұмыспен қамту болып табылады.

Аталған бағдарламаны орындау барысында пробация бөлімінің есебінде тұрған сотталғандар мен "Жастар ресурсы орталығының" ерікті жастарымен бірлесіп көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Мұндай шаралар пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтардың түзелу жолына түсуіне ықпал жасауға, имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеуге, қайта қылмыс жасауды болдырмауға септік етпек.

Л.ҚОЖАМҰРАТОВА,
аудандық пробация қызметі бөлімінің инспекторы.

Әулиекөл ауданы.

Бітімгерлік бөлмесі ашылды

Қостанай облысының Кәсіподақтар одағында медиация кабинеті ашылды. Ашылу салтанатына Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев, облыстық сот судьясы Гаухар Сейдахметова, аумақтық кәсіподақ орталығының төрағасы Екатерина Смышляева, медиатор Михаил Литошенко қатысты.

Бітімгерлік кабинетін ашудағы мақсат – халыққа дауларды, соның ішінде еңбек және коммуналды дауларды реттеу бойынша қызметтер кешенін көрсету.

Өз сөзінде, А.Мерғалиев татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы сот ісін біраз жеңілдетіп, тараптардың уақыттары мен қаржыларын үнемдеуге мүмкіндік беретіндігін атап өтті.

ТАҒЗЫМ

«Бұл менің соңғы тойым шығар..."

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Биыл есімі аңызға айналған тұлға, республика ауыл шаруашылық саласының үздігі, "Қарабатыр" Агрофирмасы" ЖШС-нің негізін қалаған Жәзит Кәрімұлы Құдайқұлов тірі болғанда 80 жасқа толар еді. Осыдан тура бес жыл бұрын өңіріміздегі ел азаматтарының басын қосып, мерейлі 75 жасын атап өткені есімізде. Амал нешік, сол 2013 жылдың күзінде туған өлкесін түлету жолында жан аямаған Жәз-аға өмірден өтті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығашы" деп атаған тұлғаның өзі кетсе де, артында толағай ісі қалды. Талай биік марапаттарға қол жеткізді – "Еңбек ардагері", "Ерен еңбегі үшін", "Жыл адамы – 2000", I дәрежелі "Еңбек даңқы", "Барыс", орден-медальдары мен халықаралық "Алтын теңбілшер", "Жоғары сапа" иегері атану нағыз еңбектің жемісі. Қазақстан мен ТМД елдерінде жекешелендіру реформасын алғаш болып жүзеге асырды.

Жәзит Кәрімұлы өз ғұмырында талай игі жақсының батасын алып, үзеңгілес дос тапты, жүздеген адамға тәлімгер, аға, ақылшы болған жан. Өмірде тонның ішкі бауындай сырласып, сыйласып өткен азаматтардың бірі, ҚР ҰҚК отставкадағы полковнигі Естай Байқасовтың ел ағасы жайында айтары көп. 1992 жылы Қамысты аудандық ІІБ бастығы болып барып, Сәбит Кәрімұлымен көрші тұрыпты. Жәзит ағамызбен сол үйде танысқан екен. Сол таныстықтан кейін өміріміздің соңына дейін дос, бауыр, аға-інідей сыйласып өттік дейді Естай аға.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, ауылдар тоза бастаған кез. Ұрлық-қарлық, қылмыс көбейген. Бірде Жәкең маған келіп, "ауылда ОМОН (милицияның арнайы жасағы) ашайын деп ем, сол жағына көмектес, киімі, керек-жарақтары, көлігі өзімізден, заңдастыру, куәлік жағын сен реттеп бер" деді. Шаруа шешіліп, Қарабатырда Қазақстандағы алғашқы ОМОН жұмысын бастады. Расында бұл жасақ жақсы жұмыс істеді. Қылмыс азайды. Олардың тәжірибесін бөлісуге жан-жақтан келушілер көп болатын. Қарабатырдың атын шығарғандардың бірі де осы – ОМОН.

Мен 1995 жылы облысқа тергеу басқармасының бастығы болып кеттім. Ол кезде облыстық ішкі істер басқармасы бастығының кадр жөніндегі орынбасары Сағындық Қабанбаев, Жәзит ағайлар бар үшеуіміз жақсы араластық. Жәкең өзінің өмір тәжірибесімен бөлісіп, ақылын айтудан жалықпады. Біз Құдайқұловтар отбасымен қатты араластық. Мына сурет ағамыздың 2009 жылы халықаралық "Алтын теңбілшер" марапатын алып келіп, осындағы азаматтардың басын қосқан дастарқанынан естелік.

Жәзит ағаның ауылды сақтап қалып, меншіктеу жағының құжаттарымен көп еңбектенгені көз алдымда. Егінді, малды сақтап қалды. Қарабатырға үлкен басшылар көп келеді. Өзі де көп жерге барып, жаңашылдықтарды көретін. Ауыл ішін айнадай қылып, ертегілер еліндей қылды. Бағдаршамнан бастап, бассейн, монша, спорт кешені, қонақ үй, қаншама мүсіндер, көше толған жазулар, осының барлығы аз жұмыс емес.

Өмірінің соңғы күндерінде ауырып, шетелге барып жүрсе де, таяқ ұстағысы келмеді. 75 жасын тойлайтын болды. Сонда мен: "аға, сексеніңізді біржола дүркіретіп жасамадыңыз ба?" деп ем, "Естай, бұл менің соңғы тойым шығар" деді. Өзі де ұзаққа бармасын сезген екен. Сол жылы қыркүйектің ортасында қатты қысылған Жәзит ағаны санавиациямен Астанаға алып кететін болды. Жедел жәрдемнің көлігінен ұшаққа салып жатқанда, ағам қолымнан қысып ұстады да, айырылғысы келмей, көзінен жас шықты. "Аға, сізді Астанаға апара жатыр ғой, әлі-ақ ортамызға ораларсыз" дедім де шығарып салдық. Мен Алматыға ұшып кеттім. Көп ұзамай, сол Алматыда жүргенде Жәкеңнің дүние салғаны туралы хабарды естідім. Бұл қаза мен үшін ауыр тиді.

Қазақта "орнында бар – оңалар" дейді, ағамыз арамыздан кетсе де, ол кісінің өмірлік жары Жұмагүл апайымыз барлығына бас-көз болып отыр. Құдайқұлов әулетімен аралас-құралас болған соң бәрі көз алдымызда жүріп жатыр. Ағамның ізін жалғастырушылар бар. Марат әке сенімін ақтап, Қарабатырды басқарып, талай шаруа жасап жүр. Былтыр ауыл тұрғындарының игілігіне мәдениет үйін салып берді. Қай жиын болса да бізді ұмытпай, шақырып тұрады. Дәулеті Астанада қызметте. Гүлвирасы бизнес саласында. Ал немерелерінің ішінде тегі атасының атына жазылған Мансұр да аңыз адам – Жәзит ағамыздай үлкен тұлға болсын деген тілегім бар.

Жәкеңді қалай дәріптесек те, бір мақалаға сыйғыза алмаймыз. Дегенмен ағамыздың жасаған еңбегін, ел еңсесін, ауылды көтеруге бар күшін салған жанқиярлық ерлігі тарихта қаттаулы. Біреге басшының қызметтік жолын берісі облыс, әрісі республикаға паш еткен тілшілер қауымының арасынан белгілі тележурналист Гүлжібек Бекмұхамедованың есімін айрықша атап өткіміз келеді. Гүлжібек Байекеқызы Жәзит ағамызбен сонау Бестөбе кеңшарында партия ұйымдастырушысы қызметінде жүрген 1978 жылдан бері таныс. Дарынды, реформашыл басқарушының сан қырын, талапшыл, көшбасшылық қасиеті мен елді соңынан ерте білетін қабілетін танытқан бірден-бір жерлесі. Тоқсаныншы жылдардан теледидар бетінен көрсетіп, Қарабатырдың атағын республикаға шығаруға үлес қосты. 1996 жылы "Қазақстан" арнасының басшысы Айсұлу Иманбекова Алматыдан арнайы Қарабатырға келіп, екі тілде деректі фильм жасады. Сол түсірілімнен кейін журналист қауымының Қарабатыр ауылы мен басшысына қызығушылығы одан бетер арта бастады.

– Мына сурет 1983 жылы Талдыкөл кеңшарында түсірілді. Мен ол кезде Қамысты аудандық "Новый путь" газеті редакторының орынбасарымын. Қасымыздағы – аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Таисия Сербина. Жәзит Кәрімұлы ол кезде Талдыкөлде кеңшар директоры. Бұл ауыл аудандағы көш соңында қалған елді мекен болатын. Мал шығыны көп. Кеңшарға басшылардың бірі келіп, бірі кетіп жатқан уақыт. Барлығы бұл кеңшарды қалай көтереді екен деп, Жәзит Кәрімұлына күмәнмен қарады. Бір жағынан сексенінші жылдардан бастап тоқырау басталған, мемлекеттік қаржыландыру қысқарып жатқан қысылтаяң шақ. Экономиканы көтермек түгілі, ауылды сақтап қалудың өзі мұңға айналған. Бірақ, Жәкең өзінің табанды басқарушы екенін көрсетті. Табиғатынан еңбекқор, енжарлықты ұнатпайтын басшы бірінші кезекте ауыл халқын жұмыс істеуге жұмылдырды. Талдыкөлде монша, стадион салып, ауыл ішіне асфальт жолдар төсетті. Тұрғындардың санасына "өзіміз жұмыс істемесек, бір-бірімізді дememесек, бізге үкімет те, ешкім де көмектеспейді" деген қағиданы құйып берді.

Міне, басшы мен ауылдастардың түсінісушілігінен шаруашылық алға басты. Алғашқы жылдары егістік көлемі 25 мың гектарға, ірі қара 3 мың, қой 10 мыңға жетті. 1982 жылдың күзінде өңірдің партия шаруашылығы активінің кеңесінде облыстық атқару комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Василий Демиденко Талдыкөл кеңшарын аймақтағы үздік 19 шаруашылықтың бірі деп атап, оның басшысы Жәзит Құдайқұловқа Құрмет грамотасын тапсырды. Ол уақытта облыс бойынша екі жүзден астам кеңшар болғанын ескерсек, бұл марапат зор жетістік болатын. Міне, кейінгі Қарабатырдың жазиралы мекенге айналғанына Жәзит Кәрімұлының бұдан кейінгі өмір тәжірибесі дәлел. Жәкеңнің өзіндік өмірлік ұстанымы басқа, болса – бар, болмаса – жоқ. Бір істі бастаса, оны өзі үшін, болмаса уақытша дүние деп жасамайды әрі орта жолдан тастап кету деген табиғатында болмаған.

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің
ҚАУЛЫСЫ

Арқалық қаласы 2018 жыл 17 сәуір № 133

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арқалық қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жариялағанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі А.Балғарин.

Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2018 жылы 05 мамырда № 7743 болып тіркелді .

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
акимата города Аркалыка Костанайской области

г.Аркалык 17 апреля 2018 года № 133

Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера родительской платы на 2018 год

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года "Об образовании" акимат города Аркалыка **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы в дошкольных организациях образования города Аркалыка на 2018 год согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Государственному учреждению "Отдел образования акимата города Аркалыка" в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего постановления в территориальном органе юстиции;

2) в течение десяти календарных дней со дня государственной регистрации настоящего постановления направление его копии в бумажном и электронном виде на казахском и русском языках в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Республиканский центр правовой информации" для официального опубликования и включения в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан;

3) размещение настоящего постановления на интернет-ресурсе акимата города Аркалыка после его официального опубликования.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Аркалыка.

4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким города А. Балгарин.

Зарегистрировано в государственном Реестре нормативных правовых актов от 05 мая 2018 года №7743.

Әкімдіктің 2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 133 қаулысына қосымша

Арқалық қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№ р/с	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	Арқалық қаласы	"Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің жалпы дамулық үлгісіндегі Ашутасты ауылындағы "Гүлдер" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	30059,17	3 жасқа дейін 5740,00 3 жастан 7 жасқа дейін 6970,00
2	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Раушан" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	220	21462,50	3 жасқа дейін 10250,00 3 жастан 7 жасқа дейін 11275,00
3	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ақбота" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	120	24044,44	3 жастан 7 жасқа дейін 11275,00
4	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің санаторлық және жалпы дамулық типті "Золотой ключик" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	240	26546,18	3 жасқа дейін 11275,00 3 жастан 7 жасқа дейін 11685,00
5	Арқалық қаласы	Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Алпамыс" бөбекжай-балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны	110	25367,42	3 жасқа дейін 10250,00 3 жастан 7 жасқа дейін 11275,00
6	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің жалпы дамулық үлгісіндегі Фурманов ауылындағы "Балдәурен" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	60	31411,11	3 жастан 7 жасқа дейін 5125,00
7	Арқалық қаласы	"Балдырған А" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	25408,89	3 жасқа дейін 10250,00 3 жастан 7 жасқа дейін 11275,00
8	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	80	7118,75	8200,00
9	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	74	10694,82	8200,00
10	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б. Майлин атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	50	5845,00	3280,00
11	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №4 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	75	6701,11	7175,00
12	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	140	7116,07	7175,00
13	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №8 жалпы білім беретін негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	70	5955,95	6150,00
14	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №10 жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	52	6637,82	7175,00
15	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Аңғар жалпы негізгі білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	22	6060,61	
16	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ақбұлақ жалпы негізгі білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	15	9116,67	
17	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Алуа жалпы білім беретін бастауыш мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	5	20483,33	
18	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Т.Әубәкіров атындағы жалпы негізгі білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	20	9625,00	7175,0
19	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Восточный жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	60	8419,44	6150,00
20	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қайыңды жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	19	10048,25	6150.00
21	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Көктау жалпы білім беретін негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	18	7268,52	
22	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қызылжұлдыз жалпы негізгі білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	15	8105,56	
23	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А. Майкөтов атындағы жалпы негізгі білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	21	18317,46	6150,00
24	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Родина жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	50	8610,00	7175,00
25	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Сарыөзен жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	36	7571,76	
26	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қараторғай жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	25	11953,33	
27	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	20	6500,00	
28	Арқалық қаласы	"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Целинный жалпы білім беретін негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталық	27	11450,62	6150,00

Приложение к постановлению акимата
от 17 апреля 2018 года № 133

Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы в дошкольных организациях образования города Аркалыка на 2018 год

п/п №	Административно-территориальное расположение организаций дошкольного воспитания и обучения	Наименование организации дошкольного воспитания и обучения	Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение		Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (тенге)
			Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения	Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в дошкольных организациях в месяц (тенге)	
1	город Аркалык	Государственное коммунальное казенное предприятие "Ясли-сад "Гулдер" общеразвивающего типа в селе Ашутасты отдела образования акимата города Аркалыка Костанайской области"	100	30059,17	до 3 лет 5740,00 от 3 до 7 лет 6970,00
2	город Аркалык	Государственное коммунальное казенное предприятие "Ясли-сад "Раушан" отдела образования акимата города Аркалыка"	220	21462,50	до 3 лет 10250,00 от 3 до 7 лет 11275,00
3	город Аркалык	Государственное коммунальное казенное предприятие "Детский сад "Акбота" отдела образования акимата города Аркалыка"	120	24044,44	от 3 до 7 лет 1 1275,00
4	город Аркалык	Государственное коммунальное казенное предприятие "Детский сад-ясли санаторного и общеразвивающего типа "Золотой ключик" отдела образования акимата города Аркалыка	240	26546,18	до 3 лет 11275,00 от 3 до 7 лет 11685,00
5	город Аркалык	Коммунальное государственное казенное предприятие "Детский сад-ясли "Алпамыс" отдела образования акимата города Аркалыка	110	25367,42	до 3 лет 10250,00 от 3 до 7 лет 11275,00
6	город Аркалык	Государственное коммунальное казенное предприятие "Детский сад "Балдаурен" общеразвивающего типа в селе Фурманово отдела образования акимата города Аркалыка"	60	31411,11	от 3 до 7 лет 5125,00
7	город Аркалык	Товарищество с ограниченной ответственностью "Балдырган А"	150	25408,89	до 3 лет 10250,00 от 3 до 7 лет 11275,00
8	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №1 имени Ш.Уалиханова отдела образования акимата города Аркалыка"	80	7118,75	8200,00
9	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №2 отдела образования акимата города Аркалыка"	74	10694,82	8200,00
10	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №3 имени Б. Майлина отдела образования акимата города Аркалыка"	50	5845,00	3280,00
11	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №4 отдела образования акимата города Аркалыка"	75	6701,11	7175,00
12	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №6 имени А.Кунанбаева отдела образования акимата города Аркалыка"	140	7116,07	7175,00
13	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Основная общеобразовательная школа №8 отдела образования акимата города Аркалыка"	70	5955,95	6150,00
14	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа №10 отдела образования акимата города Аркалыка"	52	6637,82	7175,00
15	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Ангарская основная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	22	6060,61	
16	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Акбулакская основная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	15	9116,67	
17	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Алуанская начальная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	5	20483,33	
18	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Основная общеобразовательная школа имени Т.Аубакирова отдела образования акимата города Аркалыка"	20	9625,00	7175,00
19	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Восточненская средняя общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	60	8419,44	6150,00
20	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Каиндинская средняя общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	19	10048,25	6150,00
21	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Коктауская основная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	18	7268,52	
22	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Кызылжулдызская основная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	15	8105,56	
23	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Основная общеобразовательная школа имени А. Майкутова отдела образования акимата города Аркалыка"	21	18317,46	6150,00
24	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Родинская средняя общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	50	8610,00	7175,00
25	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Сарыозенская средняя общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	36	7571,76	
26	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Караторгайская средняя общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	25	11953,33	
27	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с неполным днем пребывания при государственном учреждении "Средняя общеобразовательная школа имени Б. Майлина отдела образования акимата города Аркалыка"	20	6500,00	
28	город Аркалык	Дошкольный мини-центр с полным днем пребывания при государственном учреждении "Целинненская основная общеобразовательная школа отдела образования акимата города Аркалыка"	27	11450,62	6150,00

СПОРТ

Үздік көкпаршылар

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Таран ауданында "Динамо" денешынықтыру-спорт қоғамының қолдауымен өткен көкпарға 150 көкпаршы қатысты. Облыстық ішкі істер департаментінің командасындағы жігіттер епті де мықты көкпаршы екенін көрсетіп, бірінші орынды жеңіп алды.

Команда капитаны, департамент қызметкері Бақдәулет Асановқа аударыспақта қарсылас шақ келмеді, ол бірінші орынды алды.

Ат спорты ойындары, әсіресе, көкпар соңғы жылдары Қостанай өңірінде кең тарап келеді. Полицей Бақдәулет Асановтың айтуынша, облыстық ішкі істер департаментінің басшылығы ұлттық ат спорты ойындарын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Екі жылдан бері полицейлер командасы көкпардан үзбей жаттығулар өткізеді.

"Көкпар мен аударыспақ ойындары жігіттің бойындаептілік пен мықтылықты қалыптастырады. Командадағы полицейлердің бәрі ат спортымен бала кезден айналысқан жігіттер. Көкпар біздің қанымызға сіңген, аталарымыз аттың құлағында ойнаған ғой", – дейді Бақдәулет.

Ал спорт, оның ішінде көкпар қазақ халқының, Орта Азия халықтарының ең сүйікті ұлттық ойыны болып саналған. Елін, жерін жаудан қорғаған батырларымыздың барлығы да осы көкпар мен аударыспақта шыныққан. Ал елдің тыныштығын қорғайтын полицейлер ат спорты нағыз шыныңу екенін айтады.

Облыс чемпионаты

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықта Дзюдо күресінен 2003-2004 жылдары дүниеге келген жасөспірімдер арасында облыстық чемпионат өтті.

Оған 11 команда қатысып, 200-ден астам спортшылар бақтарын сынады. Бірінші, екінші орын алған балуандар таяуда Павлодар қаласында өтетін ел біріншілігіне жолдама алды.

Асығы алшысынан түсті

Әлібек ЫБЫРАЙ

Жақында асық атудан Петропавл қаласында ерлер мен әйелдер арасында ҚР біріншілігі болып өтті. Оған еліміздің әр түкпірінен жеті команда қатысты. Міне, осы жарыста облыс намысын жыртқан ерлер командасы жүлделі екінші орынды, ал әйелдер командасы үшінші орынды жеңіп алды. Ерлер сапында ардагер спортшы Мұхтар Ахметов, Олжас Қожахметов, Бекжан Қабжановтардың есімдері дараланса, қыздар арасында Жанар Сұлтанова, Мариям Әлиева және Назерке Серкебаевалар үздік ойындарымен көпшіліктің ықыласына бөленді.

Іле Рудный қаласында облыстық чемпионат мәреге жетті. Жарысқа Сарыкөл, Федоров, Аманкелді аудандарының, Қашар кентінің және Қостанай, Рудный қалаларының асық атушылары жиналды. Ерлер "Бестабан" ойынының көрігін қыздырды. Ал қыздар жағы "Бесасық" ойнады. Тартысты өткен турнирде әр топтағылар арасында Мұхтар Ахметов, Медет Әбдімұратов, Абзал Шеріпбаев, кадеттер арасында Медет Ырзабаев пен Ақбөпе Бекмұратовалар жеңіс тұғырына көтерілді. Қыздар тобында Жанар Сұлтанова, Мариям Әлиева, Мереке Шалабай есімді спортшылар жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.

Енді бірер күннен соң Щучинск қаласында 2005-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында ел біріншілігі өткізіледі. Қазір облыстың жастар құрамасы сол жарысқа қызу дайындық үстінде.

Қоржында қола жүлде

Жақында Ақтөбе қаласында дзюдо күресінен ерлер және әйелдер арасында қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова атындағы Халықаралық турнир өтті.

Өзбекстан, Қытай елдерінен 150-ден астам спортшы бақтарын сынаған сайыста жерлесіміз, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Алина Христолюбова 57 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдені қанжығасына байлады.

Бапкері ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Абай Сарыбаев.

"Тобыл" "Қайраттан" басым

Қостанайлық клуб өз алаңында алматылық "Қайратты" ұтты.

Бірінші таймда Бауыржан Тұрысбек алаң иелерін алға шығаратын сәтті пайдалана алмады. Ол он бір метрден қиыс тепті. Ойынның екінші бөлігі алматылықтардың жылдам шабуылдарымен басталды. Иво Илишевич пен Исаэль Барбоза "Тобыл" қақпашысын бірнеше рет ойынға араласуға мәжбүр етті. Кездесу соңына таман "Тобыл" сапына Қазақстан ұлттық құрамасының шабуылшысы Таңат Нөсербаев пен грузиялық футболшы Ника Квеквескири қосылды. Тыңнан қосылған жігіттер ойын тағдырын шешті. 88-минутта Квеквескири сол қапталдан сытылып шығып, Нөсербаевты дәл паспен тапты. Соңғысы қателескен жоқ. Допты бос қақпаға сырғыта салды. Осылайша, Алматының "Қайраты" сырт алаңнан ұпайсыз қайтты. Ал қостанайлықтар өз алаңындағы кезекті жеңісіне қол жеткізді.

Хабарландыру

26 мамыр күні сағат 12.00-де **Есмағанбетов Жұмабек Бөпішұлының** қырқы өтеді. Өткізілетін орны: Қостанай қаласы, Карбышев көшесі, 101, "Алатау" кафесі.

Қостанай облысы әкімінің аппараты Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Дархан Есентемірұлы Әбдікәрімовке әкесі
Есентемір Әбдікәрімұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" ҰК" АҚ Қостанай облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Дархан Есентемірұлы Әбдікәрімовке әкесі
Есентемір Әбдікәрімұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10016 Тапсырыс 871 Нөмірдің кезекші редакторы Қарлығаш ОСПАНОВА.